# Web-беттер және сайттар. HTML – редакторы, визуалды редактордың негізгі мүмкіндіктері және сыртқы түрі.

10 сынып
информатика

- Компьютер немесе басқа да электронды құрылғыларда оқылатын мәтіндер гипермәтін деп аталады.Гипермәтін терминін алғаш рет америкалық әлеуметтанушы, философ Тед Нельсон 1963 жылы айналымға енгізді.

- HTML тілінің бастапқы мәтінді белгілейтін бұйрықтары тег деп аталады. Тег символдар тізбегінен тұрады. Барлық тег «кіші» (<) символдарына басталады да, «үлкен» (>) символымен аяқталады. Осындай қос символ тізбегі бұрыштық жақшалар деп аталады.

- Web-сайт дегеніміз – дизайндары қайталанған web-парақтардың навигациялық, физикалық және мағыналық жағынан дабір серверде біріккен жиынтығы. Web-парақ 2 логикалық бөлікке бөлінеді: тақырыбы және мазмұны. Web-парақтың <HEAD></ HEAD> контейнерінде бектіледі.Беттің атауы <TITLE></TITLE > контейнерінде орналасады және браузердің жоғары бөлігінде бейнелененеді.

- Ал беттің мазмұны <BODY></ BODY > контейнерінде жазылады. HTML тілінде web-парақ немесе сайт құру үшін кәдімгі блокнот қосымшасын қолдануға болады. Кодты блокнотқа жазамыз да, сақталу орнын көрсетіп, Файл→Сақтау Файл атау дегенге name*.html, ал файл типтері дегенге Барлық файлдар таңдаймыз да, Сақтау батырмасын басамыз. Сосын броузермен ашып, жұмыс нәтижесін қараймыз.

- Web-парақ немесе web-сайтты тек HTML тілінің арнайы редакторы визуалды редакторлар арқылы да құруға болады. Share point Designer web-редактор ретінде мына жағдайларда қолданылады:
- Қарапайым HTML беттерін құру үшін;
- Белсенді серверлік ASPX-беттерін жауа үшін;
- Share point қызметі негізінде web-қосымшаларын жасау үшін;
- web-сайтты басқару үшін.

- Программаны іске қосу үшін Пуск→Барлық программалар→Microsoft Office→ Microsoft Office Share point Designer әрекетін орындаймыз. Office Share point Designer интерфейсі өте қарапайым және түсінікті.

- 1.Конструктор режимін таңдаймыз
- 2.Пернетақтадан қандай да бір мәтінді енгіземіз.
- 3.Құрал-саймандар панелінен 2 тақырыпша стилін таңдаймыз.
- 4. Web-парақтың код терезесіне мән беретін болсақ енгізілген мәтін <h2> тегімен таңбаланған.
- Элементтер қосу

- Share point Designer-де элементтердің үш типі қарастылыған:
- кәдімгі HTML тегтері;
- ASP.NET басқаруының серверлік элементтері;
- Share point Designer қызметі басқаруының серверлік элементтері
- Бетті алдын-ала қарау және сақтау. Құрал-саймандар панеліндегі Сақтау батырмасы арқылы web-парақты тез сақтауға болады.